



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-9/2991 дз от: 15.01.2019

№ вх: 200//20-9/2991дз/ДЗ-222 от: 15.01.2019

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2018 жылғы 20 желтоқсандағы
№ ДЗ-222 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2018 жылғы 19 желтоқсанда өткен отырысында жарияланған қайыршылық проблемаларына қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қайыршылардың еңбегін пайдаланатын ұйымдасқан топтарды болдырмау мақсатында Ішкі істер министрлігі қабылдап жатқан шараларға қатысты

Көтеріліп отырған мәселелер бойынша тиісті шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 609 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары, сондай-ақ Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2017 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылық профилактикасының 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде қабылданады.

2015 жылы азаматтарға мазалап тиісу үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу осы бейәлеуметтік құбылыстың профилактикасы бойынша тетіктерді жасауға, сондай-ақ қайыршылықпен шұғылданатын шетел азаматтары үшін елді тартымды етпеуге мүмкіндік берді.

Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексі қабылданған сәттен бастап азаматтарға мазалап тиіскені үшін 70 мыңнан астам адам жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 17,5 мыңнан астам адам әкімшілік қамаққа алынды, шамамен 600 шетел

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі манада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

азаматы елден тыс шығарылды. 2018 жылы қайыр сұрап жүрген 24 мыңға жуық адам ұсталды, олардың ішінде Астана қаласы бойынша – 4,5 мыңнан астам.

Белгілі бір тұратын жері жоқ адамдар мен қайыршылардың санын азайту үшін Үкімет қабылдап жатқан шараларға қатысты

Белгілі бір тұратын жері жоқ адамдар мен қайыршылардың санын азайту мақсатында жергілікті атқарушы органдар оларды анықтау, уақытша болу ұйымдарына орналастыру және «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оларға медициналық, психологиялық көмек, заңдық кеңес беру, тиісті жеңілдіктер мен жәрдемақылар ресімдеу, құжаттарды қалпына келтіру, білім алуға және жұмысқа тұруға көмек көрсету бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес уақытша болу ұйымдары міндетті түрде адам саны жүз мыңнан асатын қалаларда құрылады және қажет болған кезде жергілікті атқарушы органдар оларды халық саны отыз мың және одан астам елді мекендерде құруға құқылы.

Уақытша болу ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер мынадай үш модель ескеріле отырып ұсынылады:

1) «Өмірдегі қиын жағдайды еңсеру» адамның қалауы бойынша шарттық қатынастарда жүзеге асырылады және тараптардың өзара міндеттемелерін көздейді, онда әлеуметтік бейімдеу орталығы кәсіби оқуға немесе қайта оқуға жіберіп, адамның бір жылға дейінгі мерзімге тәулік бойы тұруын (*тамақтануды, тұруды, бірінші қажетті заттар мен өзге қызметтерді ұсынумен*), жұмысқа тұруына, жалдамалы тұрғын үй немесе жатақханадан орын алуға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді, ал адам өзіне кәсіби оқудан өту және Орталық жіберіп отырған ұйымдарға жұмысқа тұру міндеттемелерін алады;

2) «Түнде болу бөлімшесі» өмір салтын өзгертуді қаламайтын үйсіз адамдарды ыстық тамақпен қамтамасыз етпей, оларға тәуліктің түнгі уақытында төсек-орын түрінде ұсынылады;

3) «Әлеуметтік патруль» мобильдік қызметі» көшелерде тәуліктің күндізгі уақытында үйсіз адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үшін.

Егер әлеуметтік бейімдеу орталығына жүгінген адам жалғыз басты зейнеткер немесе 1, 2-топтағы мүгедек болған жағдайда оны қарттарға және мүгедектерге арналған стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемеге жібереді.

Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды сәйкестендіруге қатысты

Белгілі бір тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды сәйкестендіруді, оның ішінде фотосуреттердің және қол саусақтары мен алақан іздерінің биометриялық деректері бойынша сәйкестендіруді ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарында ПМ-нің криминалистикалық дактилоскопиялық есепке алуын және Бас прокуратураның арнайы есепке алуын пайдалану арқылы жүргізеді.

Ішкі істер министрлігінің ақпараты бойынша 2018 жылы қабылдау-тарату орындарына шамамен 16,5 мың белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адам орналастырылған, олардың 16,3 мыңы сәйкестендірілген.

Жалпы, өмірде қиын жағдайға тап болған азаматтардың әлеуметтік проблемаларын шешу және оларға мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері ішкі істер, әлеуметтік қорғау органдарының және өзге мүдделі мемлекеттік мекемелердің ұдайы бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

e-mail: b.abdrakhmanova@ukimet.gov.kz

№ исх: 20-9/2991 дз от: 15.01.2019

№ вх: 200//20-9/2991дз/ДЗ-222 от: 15.01.2019

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДЗ-222 от 20 декабря 2018 года

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос, оглашенный на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан 19 декабря 2018 года, по проблемам попрошайничества, сообщаем следующее.

Касательно мер, принимаемых Министерством внутренних дел, в целях недопущения организованных группировок, эксплуатирующих труд попрошаек

Соответствующие меры по поднимаемым вопросам принимаются в рамках Плана мероприятий Правительства Республики Казахстан по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными с торговлей людьми на 2018 – 2020 годы, утвержденного постановлением Правительства от 1 октября 2018 года № 609, а также Комплексного плана профилактики правонарушений в Республике Казахстан на 2017 – 2019 годы, одобренного решением Межведомственной комиссии по профилактике правонарушений от 27 апреля 2017 года.

Введение в 2015 году административной ответственности за назойливое приставание к гражданам позволило создать механизмы по профилактике данного асоциального явления, а также исключить привлекательность страны для иностранных граждан, промысляющих попрошайничеством.

По данным Министерства внутренних дел с момента принятия нового Кодекса об административных правонарушениях к ответственности привлечено более 70 тыс. лиц за назойливое приставание к гражданам, в том числе подвергнуты административному аресту свыше 17,5 тыс., выдворено за пределы страны порядка 600 иностранных граждан. В 2018 году задержано порядка 24 тысяч «попрошаек», из них по городу Астана – свыше 4,5 тысяч.

Касательно мер, принимаемых Правительством, для снижения количества лиц без определенного места жительства и попрошаек

В целях снижения численности лиц без определенного места жительства и попрошаек местными исполнительными органами на постоянной основе проводится

работа по их выявлению, размещению в организациях временного пребывания и оказанию им медицинской, психологической помощи, юридического консультирования, оформления полагающихся льгот и пособий, восстановления документов, содействия в получении образования и трудоустройстве в соответствии с Законом Республики Казахстан «О специальных социальных услугах».

Согласно Стандарту оказания специальных социальных услуг в области социальной защиты населения в условиях временного пребывания, утвержденному приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 26 марта 2015 года № 165, организации временного пребывания создаются в обязательном порядке в городах с численностью свыше ста тысяч человек и при необходимости местные исполнительные органы вправе создавать их в населенных пунктах с численностью населения тридцать тысяч и более человек.

Специальные социальные услуги в организациях временного пребывания предоставляются с учетом трех моделей:

1) «Преодоление трудной жизненной ситуации» осуществляется на договорных отношениях по желанию лица и предполагает взаимные обязательства сторон, где центр социальной адаптации обеспечивает круглосуточное проживание лица со сроком до одного года (*с предоставлением питания, проживания, предметов первой необходимости и иных услуг*) с направлением на профессиональное обучение или переобучение, содействие в трудоустройстве, получении съемного жилья или места в общежитии, а лицо берет на себя обязательство пройти профессиональное обучение и трудоустроиться в тех организациях, куда его направляет центр;

2) «Отделение ночного пребывания» предоставляется бездомным лицам, не желающим менять образ жизни, в виде койко-места в ночное время суток без обеспечения горячим питанием;

3) «Мобильная служба «Социальный патруль» для оказания на улицах медико-социальной помощи бездомным гражданам в дневное время суток.

В случае, когда лицо, обратившееся в центр социальной адаптации, является одиноким пенсионером или инвалидом 1, 2 группы, его направляют в медико-социальное учреждение стационарного типа для престарелых и инвалидов.

Касательно идентификации лиц без определенного места жительства

Идентификация лиц без определенного места жительства, не имеющих документов удостоверяющих личность, в том числе по биометрическим данным фотоизображений и отпечатков пальцев и ладоней рук, ведется органами внутренних дел в приемниках-распределителях с использованием криминалистических дактилоскопических учетов Министерства внутренних дел и специальных учетов Генеральной прокуратуры.

По информации Министерства внутренних дел в 2018 году в приемники-распределители помещено почти 16,5 тыс. лиц без определенного местожительства, из которых идентифицировано 16,3 тыс. человек.

В целом, вопросы по решению социальных проблем граждан, находящихся в трудной жизненной ситуации, и оказанию им государственных услуг находятся на

постоянном контроле органов внутренних дел, социальной защиты и иных заинтересованных государственных учреждений.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев

*исп. Б.Абдрахманова, тел. 74-53-71,
e-mail: b.abdrakhmanova@ukimet.gov.kz*